

**КМҚҚ «№140 бобекжай-балабақша»  
тамақтану сапасы мониторингі жөніндегі комиссияның отырысының  
Хаттамасы №1**

**«19» қаңтар 2024 жыл**

**Қатысқандар:**

Комиссия төрайымы балабақша басшысы: Мухаметрахимова Ш.А.  
Әдіскер – Сатпаева Д.К.

Балабақша психологы – Дарибаева Г.Н.

Балабақша медбикесі, диетбекесі – Есжанова М.С.

Ата-аналар комитетінің мүшесі – Мейрбекова К.Е.

Қоймашы – Бердибаева М.Д.

**Күн тәртібінде:**

- 1.Бракераждық комиссияны құру тәртібі және оның құрамы
2. Бракераж комиссиясының қызметі және құқығы.
- 3.Тамақ бракеражы

**Тыңдалды:**

1. Бірінші мәселе бойынша балабақша басшысы Ш.А. Мухаметрахимова тыңдалды. Бракераж комиссиясы 2024 оку жылына балабақша басшысының бүйрығымен тағайындалғанын атап өтті. Бракераж комиссиясын тағайындау – ас блогының жұмысын тұрақты бақылауды қамтамасыз етеді. Мектепке дейінгі ұйым дара басшылық және коллегиалдық қағидаттарына негізделе отырып, балабақша Жарғысына сәйкес балаларды тамақтандыруды үйімдастыру, жеткізілетін өнімдер сапасына және балабақшада тағамдарды дайындау және тарату кезінде санитариялық-гигиеналық талаптарды сактауға бақылау жүргізу мақсатында, бракераждық комиссия құрылды. Бракераждық комиссия балабақша әкімшілігі мен кәсіподақ комитетімен, сондай-ақ ата-анамен тығыз байланыста жұмыс істейді.Бракераж комиссиясының құрамына медицина қызметкерлері, әкімшілік, шаруа менгерушісі және ата-аналар комитетінің өкілі кіреді. Баркераждық комиссия балабақша енбек ұжымының жалпы жиналасында, педагогикалық кеңестерде немесе кәсіподақ комитетінің отырысында ас блогының жұмысын бақылауды жүзеге асыру жөніндегі жұмыс туралы мерзімді есеп береді. Комиссия құрамы мен оның өкіметтіктері мерзімі №140 балабақша басшысының бүйрығымен бекітіледі және комиссияны тағайындау кезінде оның құрамын жыл сайын жаңарту қағидаты сақталады. Бракераждық комиссия 3-5 мүшеден тұрады. Комиссия төрагасы болып міндетті тұрға балабақша басшысы тағайындалады.

Төрайымы: Мухаметрахимова Ш.А. (87012704588)

Мүшелері:

5. Есжанова М.С. – диетбике
6. Сатпаева Д.К.– әдіскер
7. Дарибаева Г.Н. – психолог
8. Мейрбекова К.А– ата-анаңалар комитетінің мүшесі

**2.Комиссия қызметі.** Екінші күн тәртібі бойынша балабақша басшысы Ш.А. Мухаметрахимова сөз алды. Бракераждық комиссия мүшелері келесі міндеттерді атқарады: - балаларды сапалы тамақпен қамтамасыз етуге ықпал етеді.

- ас блогының жұмысын бақылауды жүзеге асырады.
- ас блогының санитариялық жағдайын тексереді.
- таңбалаудың болуын бақылайды.
- тамақ өнімдерін тасымалдау, сактау және іске асыру кезіндегі жағдайларға, сондай-ақ өндірістік жағдайлардың ұсталуына бақылау жүргізеді.

- негізгі өнімдерді тарату кезінде қатысады дайын тағамдардың шыгуын тексереді.
  - шикі тамақ өнімдері мен дайын тағамдардың бракеражын атқарады (іріктеу түрінде).
  - тамақтанудың тиімділігін талдауға белсенді түрде қатысады (жинақтау тізімдемесі және зертханалық бақылау деректері, мәзір-таратылым бойынша) және өз ескертулері мен ұсыныстарын енгізеді.
  - дайын өнімнің тәулікті сынамаларын іріктең алу және сактауға бақылау жүргізеді.
  - ас блогы қызметкерлерінің жеке гигиена ережелерін орындауды бақылайды.
  - тамақ өнімдерін тұтыну мерзімдеріне және тағамды дайындау сапасына бақылау жүргізеді.
  - ас мәзірінің дұрыс құрылудың күн сайын назарда ұстайды.
  - тамақтың балалардың негізгі тағамдық заттарға физиологиялық қажеттіліктеріне сәйкестігіне бақылау жүргізеді.
  - дайын тағамға органолептикалық бағалау жүргізеді.
  - пісіру процесінің техникалық карталарға сәйкестігін тексереді.
  - дайындалған тамақтар көлемдерінің бір реттік үлестері мен балалар санына сәйкестігін тексереді.
  - педагогтар мен балалардың ата-аналарымен агарту жұмысын жүргізеді.
- Қандай да бір ескертулер, бұзушылықтар анықталған жағдайда бракераждық комиссия мүшелері дайын тағамдарды беруді ескертулерді жою бойынша қажет шаралар қабылдағанға дейін тоқтатуға құқылы.
- 3. Тамақ бракеражы.** Балабакша медбике және диетбикесі М.С.Есжанова тыңдалды: Ас блогында дайындалатын барлық тағамдар мен аспаздық өнімдер дайын болуына қарай міндettі түрде бракераж жасауға жатады. Тамақ бракеражы әрбір жақадан дайындалған партияны босату басталғанға дейін жүргізіледі. Тағамдар мен дайын аспаздық өнімдерді бракеражды медицина қызметкері жүргізеді. Өнім сапасын бағалау «Тез бұзылатын тамак өнімдері мен жартылай фабрикаттардың бракераж журналына» енгізіледі. Тамақ дайындау технологиясы бұзылған жағдайда комиссия бүйімдарды таратудан алғына тастауға, оларды пысықтауға немесе қайта өңдеуге жіберуге міндettі. Бракераж журналы номірленуі, тігілуі және мөрмен бекітілуі тиіс. Бракераж журналы балабакша медбикесінде сақталады. Медбике мен аспаз тамақ сапасына санитарлық жауап береді. Бракераж комиссиясының құқығы.

- кез келген уақытта ас блогының санитарлық жағдайын тексеруге;
- ыдыс-аяқ пен сұлғілерде таңбалаудың болуын бақылауга;
- өнімнің шыгуын тексеруге;
- тәуліктік сынаманың болуын бақылауга;
- дайындау процесінің технологиялық карталарға сәйкестігін тексеруге;
- келіп түсетін өнімнің сапасын тексеруге;
- мәзірдің әртүрлігі мен сәйкестігін бақылауга;
- азық-тұлікті сактау ережелерінің сакталуын тексеруге;
- тамақтану сапасын жаксарту жөнінде ұсыныстар енгізуге құқыты бар.

#### Шешімі:

1.Бракераждық комиссияның ағымдағы тексерулерінің иетижелері дайын тағамдарды бақылау журналдарда көрсетіледі. Бракераждық комиссия анықтаган бұзушылықтар туралы акпарат тексеру актілерінде көрсетіледі.

2.Балабакша әкімшілігі бракераждық комиссия қызметіне көмек корсетуге және оның мүшелері анықтаган бұзушылықтар мейірекшеліктерді жою шараларын қабылдауга міндettі.

Комиссия төрайымы балабакша баспа жобасынан  Мухаметрахимова Ш.А.

Комиссия мүшелері:

Балабакша әдіскері -

Педагог-психолог -

Балабакша медбикесі, диетбекесі -

Ата-аналар комитетінің мүшесі -

Сатнаева Д.К.

Дарыбделова Г.Н.

Есжанова М.С.

Мейрекова К.Е.